

ИСЛАМОФОБИЯ: ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ САЛДАРЫ РЕТІНДЕ

¹Н. Жетпісбай, ¹К. Бишманов, ²Д. Ачилов

АНДАТПА

Исламофобия – бұл дұшпандыққа, қорқытуға, қудалауға, қорлауға, алып келген «мұсылмандардан қорқу» процессі негізінде қалыптасты. Бұл ұғым 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террористік актілерден және ислам атынан жасалған басқа да қорқынышты шабуылдардан кейін мұсылмандар мен мұсылман деп саналатын адамдарға қатысты алғашқы қорқыныштардың пайда болуымен дами бастады.

Бүгінде исламды қару ретінде қолданатын радикалды топтардың саны артып келеді. Сонымен қатар, олардың ислам ілімдерін бұрмаланған түсіндіруінің нәтижесінде шынайы исламды исламның саяси құбылысынан ажырата алмайтын және мұсылмандарды қоғамға зиян топ өкілдері ретінде қарайтын топтар саны арта түсуде. Бұл қоғам арасында «исламофобияның» артуына алып келуде.

Кемсітушілікке, дұшпандыққа немесе зорлық-зомбылыққа алып келетін діни өшпенділікті насихаттауға заңмен тыйым салынып, күресу жолдарын күшейтуді талап етуде. Халықаралық нормалар мен стандарттар кемсітушілік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға негіз болғанымен, тек заңдар жеткіліксіз, сонымен қатар мемлекеттер, әсіресе көп мәдениетті және өзара байланысты қоғамдарда әртүрлілік пен сөз бостандығына ықпал ететін саясат пен бағдарламаларды қабылдауы керек. Бұл осы тақырыпты терең зерттеп, мемлекеттердің ерекшеліктерін ескере отырып шешім қабылдауды талап етеді.

Мақалада «исламофобия» терминінің дамуы, деструктивті діни ағымдардың оған әсеріне талдау жасалынып, оны азайту жолдары ұсынылды.

Түйін сөздер: діни сана, экстремизм, терроризм, исламофобия, діни білім.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Массачусетс Дартмут Университеті, Дартмут, АҚШ

Автор-корреспондент:
Жетпісбай Н.,
naziko_96.96@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Жетпісбай Н., Бишманов К.,
Ачилов Д. Исламофобия:
деструктивті діни ағымдардың
салдары ретінде // Адам
әлемі. – 2025. – №4 (103).
– Б. 147-155.

Исламофобия: как следствие деструктивных религиозных течений

Аннотация. Исламофобия – это процесс «страха перед мусульманами», который привел к враждебности, запугиванию, преследованию, унижению. Эта концепция начала развиваться после террористических атак 11 сентября 2001 года и других ужасных нападений, совершенных от имени Ислама, с появлением первых страхов перед мусульманами и людьми, считающимися мусульманами.

Сегодня растет число радикальных групп, использующих ислам в качестве оружия. Кроме того, в результате их искаженной интерпретации исламских учений растет число групп, которые не могут отличить истинный ислам от политического феномена ислама и рассматривают мусульман как представителей групп, наносящих ущерб обществу. Это приводит к росту «исламофобии» среди общества.

Пропаганда религиозной ненависти, которая приводит к дискриминации, враждебности или насилию, запрещена законом и требует усиления способов борьбы. Хотя международные нормы и стандарты являются основой для борьбы с дискриминацией и насилием, одних законов недостаточно, государства также должны принимать политику и программы, способствующие разнообразию и свободе слова, особенно в мультикультурных и взаимосвязанных обществах. Это требует глубокого изучения данной темы и принятия решений с учетом особенностей государств.

В статье проанализировано развитие термина «исламофобия», влияние на него деструктивных религиозных течений, предложены пути его снижения.

Ключевые слова: религиозное сознание, экстремизм, терроризм, исламофобия, религиозное образование.

Islamophobia: as a Consequence of Destructive Religious Movements

Abstract. Islamophobia is the process of 'fear of Muslims' which has led to hostility, intimidation, harassment, humiliation. This concept began to develop after the terrorist attacks of 11 September 2001 and other horrific attacks carried out in the name of Islam, with the first fears of Muslims and people perceived to be Muslim.

Today, there is a growing number of radical groups using Islam as a weapon. Furthermore, as a result of their distorted interpretation of Islamic teachings, there is a growing number of groups that cannot distinguish between true Islam and the political phenomenon of Islam and see Muslims as representatives of groups that are detrimental to society. This leads to an increase in 'Islamophobia' among society.

Propaganda of religious hatred that leads to discrimination, hostility or violence is prohibited by law and requires enhanced ways of combating it. While international norms and standards are the basis for combating

discrimination and violence, laws alone are not enough, states must also adopt policies and programmes that promote diversity and freedom of expression, especially in multicultural and interconnected societies. This requires an in-depth study of the topic and state-specific solutions.

The article analyses the development of the term 'Islamophobia', the influence of destructive religious movements on it, and suggests ways to reduce it.

Key words: Religious Consciousness, Extremism, Terrorism, Islamophobia, Religious Education.

Kipicne

Исламофобия – қазіргі уақытта әлеуметтік және саяси құбылыс ретінде үлкен өзектілікке ие. Оның көрінісі, кемсітушілік, жеккөрушілік пен зорлық-зомбылыққа дейін сипатталып, мәдениетаралық, толеранттылық қарым-қатынас пен діни бостандық туралы пікірталастың басты мәселесіне айналды. Исламофобия туралы зерттеулердің көп болуына қарамастан, оның қалыптасуындағы деструктивті діни ағымдардың рөлі толық бағаланбаған. Зерттеу деструктивті ағымдардың, радикалды және экстремистік топтардың исламофобияның өршуіндегі рөлін анықтауға бағытталған.

Исламофобияның пайда болу себептерін анықтауға негізделген зерттеулерде оның басталуы 2001 жылы 11 қыркүйекте Нью-Йорктегі 1-ші террорлық шабуыл түрткі болды деп көрсетеді. Алайда, оған дейінгі оқиғалар, Ирандағы 1979 жылғы Аятолла Хомейни басқарған Ирандағы Ислам революциясы [1], 1980 жылдары бастау алған Ұлыбритания, Франциядағы миграциялық процесстер [2] оның пайда болуына өз әсерін тигізді.

Идеологиялық олқылықтар, құндылықтарды жоғалту, зорлық-зомбылық салдарынан исламофобия Қазақстанда да өзіндік ерекшелігі мен әлеуметтік орны бар мәселеге айналды. Бұның себебі жастар арасындағы әлеуметтік жұмыстар мен діни сауаттылық бойынша ақпараттардың дұрыс таратылмауы. Исламофобияның қоздырғышы ретінде исламның Қазақстандық мәнін жоққа шығарып, Сауд Арабиясы немесе Ирандағы діни ерекшеліктермен салыстырып, өзінің саяси мақсаттары үшін құндылықтарды бұрмалайтын топтар. Бұл кең таралған құбылыстардың бірі, ол мұсылмандардың басқа мұсылмандарды діннен алыстатып, оның көзқарасымен келіспегендерді қорқыту, үрейлендіру болып табылады.

Жалпы, экстремизм бұл қоғамдағы жалпыға ортақ нормаларды, құндылықтарды және заңдарды жоққа шығаратын шектен тыс көзқарастарға, идеяларға және іс-әрекеттерге бейімділік пен оларды тәжірибеде қолдану. Құқықтық тұрғыда – мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті әлсіретуге, ұлттық, діни, әлеуметтік араздықты юелсендіруге, кейбір топтардың басқалардан артықшылығын немесе үстемдігін насихаттауға, сондай-ақ Ата Заңды күшпен өзгертуге бағытталған жеке тұлғалардың немесе бірлескен топтардың қызметі [3].

Мақаланың мақсаты исламофобияның өршуіндегі деструктивті діни ағымдардың рөлі мен ерекшеліктерін анықтау және оның салдарын төмендету бойынша ұсыныстар жасау. Мақаланың жаңалығы, исламофобия-

ны зерттеудің бірнеше тәсілдерін синтездеп, алдыңғы зерттеушілердің еңбектері негізінде құбылыстың саяси және мәдени аспектілерін анықтап, оны шешу жолдарын ұсыну. Зерттеу деструктивті ағымдардың исламофобияның қалыптасуындағы рөлін анықтап қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік саясат, дінаралық диалог және терроризмге қарсы іс-шаралар үшін маңызы бар.

Әдіснама

Зерттеу әлеуметтік, саясаттану және дінтану талдауларын қоса алғанда, пәнаралық тәсілге негізделген. Пәнаралық әдістерді қолдану исламофобияның қалыптасуын анықтап қана қоймай, оны шешу жолдарын ұсыну үшін де қолданылады. Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтар мен оқиғаларға талдау жасалды, оның теориялық негізін анықтау үшін халықаралық индекс-телген базалардағы, Scopus, Web of science сайттарындағы ғылыми мақалаларға талдау жасалынды. Мақалада, синтездеу, индукция және дедукция секілді әдістер қолданылды. Сонымен қатар, мазмұнды талдау, саяси дискурстарды салыстырмалы талдау, дінтану және конфликтология саласындағы сарапшылардың сұхбаттары қолданылды.

Ең жиі қолданылатын зерттеу құралдарының бірі салыстырмалы әдіс болды, оның көмегімен діни ерекшеліктеріне байланысты мәселелерге қатысты қоғамдық көңіл-күйдің қалай өзгергенін динамикада бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі есептерді, арнайы шығарылымдарды, ең алдымен статистикалық деректер мен қоғамдық пікірді (Еуробарометр, Scif, IPSOS және т. б.) қамтитын құжаттарға талдау жүргізілді.

Негізгі бөлім

Әдеби шолу. Соңғы онжылдықта исламофобияға, оның себептеріне, салдары мен идеяларына қатысты әртүрлі зерттеулер жүргізілді. Исламофобияның табиғатын уақыт өте келе мутацияға ұшыраған нәсілшілдік қасиеттің әлеуметтік қатынастары жазықтығында қарастырғандар болды. К. Аллен исламофобияны «мақсаттары мен функциялары бойынша ЕО нәсілшілдігіне ұқсас идеология» деп анықтайды [4] және оның пайда болуын 1980 жылдардағы Ұлыбританиядағы көші-қон процестерімен байланыстырады.

Француз әлеуметтанушысы және саясаттанушысы Саид Буаманның пікірінше, бұл құбылыстың тарихтың қазіргі кезеңіне тамыры өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында,

«биологиялық және мәдени нәсілшілдік» кезеңдері өтіп, жаңа кезеңнің экономикалық және саяси алғышарттарымен бірге пайда болды. «Биполярлық бейбітшілік кезеңі аяқталды және жаһандану процесі басталды», – деп нақтылады Буамама. «Мұның салдары стратегиялық шикізатқа қол жеткізу және нарықтарды бақылау үшін әртүрлі ірі державалар арасындағы бәсекелестіктің күшеюі болды; мұнай, газ және стратегиялық пайдалы қазбалар үшін бәсекелестік өсті, Таяу Шығыс пен Африкаға тез таралды», – деп көрсетті [5]. Бұл бәсекелестік реттелмеді, Оңтүстік елдерінің бұрын-соңды болмаған кедейленуі орын алды, бұл өз кезегінде «ұжымдық ашудың шашырауы үшін құнарлы жер» болды, ал солтүстік елдердегі жалдамалы жұмысшылардың өз позициясының тұрақтылығын жоғалтуы «шет елден келген адамдарға» деген теріс көзқарастың өсуіне түрткі болды. Яғни, басқа нәсіл, дін өкілдерінен қорқудың, «фобияның» артуы пайда болды.

Г.Марранчи исламофобияны 11 қыркүйектегі шабуылдардан кейін мәдени тасымалдаушылардың санасында пайда болған иудей-христиан мәдени өрісінің қорғаныс механизмі деп санайды [6].

Ахмед Шахид исламофобия мұсылмандарды жек көру дін немесе сенім бостандығын қалай бұзады деген мәселені қарастырады. Мұсылмандар мен мұсылман қауымдарына қатысты кемсітушілікті, дұшпандықты және зорлық-зомбылықты жалғастыру – зардап шеккен мұсылмандардың мұсылман болу мүмкіндігін шектейтін және олардың дін немесе сенім бостандығын және басқа да сансыз адам құқықтарын бұзатын құбылыс [7].

Кей құжаттарда «исламофобия» сөзі «мұсылмандарға төзбеушілік және кемсітушілік» деген жалпы термин қолданылады, өйткені оны үкіметаралық ұйымдар, соның ішінде ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО және Еуропа Кеңесі кеңінен қолданады. Мұсылмандарға төзбеушілік пен кемсітушілікке сілтеме жасау үшін кейде «мұсылманға қарсы нәсілшілдік» сияқты терминдер де бар. Үкіметтік емес ұйымдар кеңінен қолданатын және бұқаралық ақпарат құралдарында жиі кездесетін «исламофобия» термині әдетте ислам мен мұсылмандарға деген қорқыныш, жеккөрушілік немесе алауашылықты білдіреді. «Мұсылманға қарсы нәсілшілдік» термині мұсылмандарға төзбеушілік мәселесін нәсілшілдіктің кең контекстіне орналастырады және бұл жағдайда нәсілшілдік орын алады, яғни діни сәйкестілік нәсілдік сәйкестендіруді алады. Бұл анықтама мұсылмандарға төзбеушіліктің көп өлшемділігін көрсетеді, яғни бұл құбылыс дінге қатысы жоқ факторлардан туындауы да мүмкін екенін көрсетеді. Терминдер синоним емес және бір мәселенің әртүрлі аспектілеріне қатысты болса да, олардың бір-бірін алмастыратын сөз ретінде қолданылуы сирек емес [8].

Назила Ганеа, мемлекет пен азаматтық қоғамның жауаптарын және дінге немесе сенімге негізделген жеккөрушілікті насихаттауға қарсы трансформациялық шараларды зерттеумен айналысты. А. Крымин және Г. Энгельгардт «исламофобия – бұл АҚШ пен Таяу Шығыс аймағындағы мемлекеттердің қарсыласу процесінде дамыған мұсылмандар ойлап тапқан қорғаныс механизмі» [9].

Исламофобия – бұл исламға және мұсылмандарға қатысты үрей, жаугершілік немесе қшпенділік түрінде көрінетін, жеке деңгейде де, институционалдық деңгейде де байқалатын біржақты көзқарас пен кемсітушіліктің формасы. Ғылыми дискурста исламофобияны өзін ислам дінімен сәйкестендіретін адамдарға бағытталған теріс стереотиптердің, жағымсыз ұстанымдар мен тәжірибелердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Осылайша, исламофобия төңірегінде құрылған Академиялық дискурста исламофобия Еуропаға немесе АҚШ-қа қоныс аударған мұсылмандарға біржақты, кейде тіпті агрессивті көзқараспен қарайтын заманауи құбылыс ретінде қарастырылады. Алайда, бұл зерттеулердің арасында «Исламофобияның» Азия мемлекеттерінде таралуы туралы, оған деструктивті діни ағымдардың қалыптасуындағы рөлі мен маңызы тереңінен қарастырылмаған.

Талдаулар мен талқылаулар

Деструктивті діни ағым – діни көзқарастардың, идеялардың, сондай-ақ адамның қорғалатын құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін, қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамның рухани, мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне нұқсан келтіруге қабілетті ілімдердің жиынтығы. Жалпы, деструктивті діни ағымдардың белсенділігі, діни терроризм мен экстремизм фундаментализмнен бастау алатыны белгілі, ал фундаментализм кез-келген дінге тән. Фундаментализм бастапқы тазалықта сенімді қалпына келтіруге деген ұмтылыс ретінде діни дүниетаным үшін тұрақты дәстүрлі болып табылады, ал Ислам салыстырмалы түрде жас дін болғандықтан, мұнда оның белгілерін көптеп кездестіруге де болады.

Деструктивті діни ағымдарды ажырататын негізгі белгілерді және діни идеяларды қолданатын ең белсенді террористік ұйымдарды білу маңызды. Деструктивті діни ұйымдардың 10 негізгі белгілері: діннің эксклюзивтілігі және насихатталған діни догмалар идеясы; мемлекеттің зайырлы құрылымын жоққа шығару; заңдар, билік органдары, басқару құрылымдары; адамдарды шынайы сенушілер мен діннен шыққандарға бөлу, сондай-ақ діни араздықты қоздыру; діннің ғылыми түсіндірмелерін қабылдамау; мұсылмандарда мазхабтардан бас тарту (исламдағы діни мектептер); белгілі бір мемлекетке немесе этносқа тән дәстүрлерді сақтаудан

бас тарту; зайырлы мәдени іс-шараларға барудан, теледидар немесе желі арқылы ойын-сауық және ағартушылық мазмұнды көруден бас тарту; әйелдердің бостандықтарын шектеу, мысалы, киім тандау, оларға діни негіздерді енгізу; діни салт дәстүрлер бойынша неке қию және бұзу; азаматтық қарыздан бас тарту; білім алу, әскери қызмет, сондай-ақ кейбір медициналық қызметтерден бас тарту: қан құю, вакцинация; белгілі бір мемлекеттің мәдени ерекшеліктеріне қайшы келетін ерекше көріністі сақтау.

Мұсылмандарға төзбеушілік пен оларға кемсітушілік жаңа құбылыс емес. Алайда, соңғы жылдары ол белсенді дамып, кең таралуда. Әсіресе «терроризмге қарсы соғыс», әлемдік экономикалық дағдарыс, ұлттық экономикалық дағдарыс жағдайында сондай-ақ көптеген қоғамдарда халықтың өсіп келе жатқан мәдени әртүрлілігімен күресу қажеттілігінен туындаған қиындықтарға байланысты. Бұл жағдайлар бірқатар бұқаралық ақпарат құралдары мен белгілі бір саяси риториканың әсерінен мұсылмандар мен исламға деген дұшпандық пен қорқыныштың артуына алып келді.

Мұсылмандарды көбінесе басқа адамдардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қауіп төндіретін экстремистер ретінде бейнелейді. Басқа мәдениеттер мен діндер туралы ортақ тарих пен сенімді білім болмағандықтан мұсылмандарға «жау» ретінде бейімділікті нығайтуға ықпал етеді. Осындай стереотиптердің нәтижесінде көптеген мұсылмандар әртүрлі кемсітушілікке ұшырайды, олардың арасында ауызша және физикалық агрессия, діни негізде полиция тарапынан профилеуде, жұмысқа орналасу және баспана алу кезінде тең емес мүмкіндіктер бар, медициналық қызмет көрсету және білім беру, сондай-ақ діни нанымдарды көпшілік алдында білдіруге шектеулерде кездеседі. Сонымен қатар, мұсылмандардың дінге қатысы жоқ бірқатар белгілер бойынша кемсітушілікке ұшырауы сирек емес, мысалы, этникалық тегі, экономикалық жағдайы, азаматтығы және жынысы.

Діни экстремизм аймақтағы бірқатар мемлекеттердің қоғамдық және саяси өмірінің ажырамас факторына айналды. 70-ші жылдардың басынан бастап ислам факторы көптеген мұсылман елдерінің ішкі жағдайы мен сыртқы саясатына айтарлықтай әсер ете бастады, оның ішінде постисламизмнің қалыптасуы да үлкен рөл атқарды [10]. Атап айтқанда, Ирандағы шахқа қарсы революция, Меккедегі үлкен мешітті басып алу және Сауд Арабиясындағы толқулар, Сирия мен Ирактағы үкіметке қарсы көтерілістер, Египет президенті Анвар Садатқа жасалған қастандықтар және де мұсылман елдерінің көпшілігінде тәртіпсіздіктер мен құқық қорғау органдарымен орын алған қақтығыстар.

Еуропа мемлекеттерінде мұсылмандар сол елдің азаматтығын алып, сол мемлекеттің байырғы тұрғыны ретінде танылып, «еуро-

паландырылсада», жаңа қоныс аударғандар секілді, азаматтығы бар мұсылмандарға қатысты «исламофобия» түсінігі әлі де бар. Еуропалық сарапшылардың зерттеулеріне сәйкес, исламофобия тек кеңістіктік-географиялық фактормен анықталмайды, ол бұқаралық ақпарат құралдары экстрополация, индексстеу арқылы таралатын идеологиялық құрал, әлеуметтік көзқарастар мен ұжымдық өкілдіктер деңгейінде ислам мен ислам қауымдастықтарының бейнелерін негативтендірудің негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Орталық Азия кеңістігінде «Хизб-ут-Тахрир», «Өзбекстанның Исламдық қозғалысы», «Псевдосалафия», «Әл-Каида», «Талибан», «яһудилер мен крестшілерге қарсы күрестің Дүниежүзілік ислам майданы», «Ислам мемлекеті» радикалды/экстремистік қозғалыстары аймақтағы ислам дініне теріс көзқарастың қалыптасуына ықпал етті. Сарапшылардың пікірінше, бұл аймақтағы діни экстремизмнің негізгі себептері/факторлары фанатизм, діннің мақсатына, мәніне, оның бастапқы көздеріне қатысты зияткерлік сауатсыздық болып табылады. Сонымен қатар, аймаққа қатты қызығушылық танытатын әртүрлі сыртқы күштердің идеологиялық манипуляциясы да маңызды.

Терроризммен байланысты ең танымал және ірі халықаралық діни деструктивті ұйым – Аль-Каида. 1988 жылы Ауғанстанда құрылған, Кеңес әскерлерінің ел аумағынан кететіні туралы хабарланғаннан кейін, 2011 жылға дейін оны «№1 террорист» Усама бен Ладен басқарды. Әлемдегі көптеген ірі террористік актілерге, соның ішінде 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы лаңкестік шабуылға қатысты. Ең қаржылық жағынан ультра радикалды ұйымның материалдық құралдарымен қамтылған. «Аль-Каиданың» басты мақсаты – «ұлы Ислам халифатын» құру, батыс әлемімен күрес және ислам елдеріндегі зайырлы ұстанымдардан асып түсу [11].

Талибан – террористік сипаттағы ультра радикалды деструктивті исламшыл қозғалыс. Ол 1994 жылы Ауғанстанда құрылды және 1996 жылдан 2001 жылға дейін елді, сондай-ақ 2004 жылдан бастап Пәкістанның Вазирстан аймағын басқарды. «Талибанның» жақтаушылары Талибан шариғаттың барлық ілімдерін қатаң ұстануды уағыздайды және режимді бұзушылар қатаң жазаланады және қудаланады. Олардың заңдарына сәйкес, келесі әрекеттерге тыйым салынған: заманауи ойын-сауық мазмұны, технология, өнер, медицинаның кейбір аспектілері, білім. «Талибанның» басты мақсаты – бақылаудағы аумақта сипатталған исламдық жағдайларды сақтау және батыс әлемінің негіздеріне қарсы күрес [12]. Дегенмен Қазақстан Республикасы 2024 жылы Талибанды террористік ұйым тізімінен шығарған болатын.

Мұсылман бауырлар – әлемнің көптеген елдерінде даулы беделі бар халықаралық

деструктивті діни ұйым, саяси құрылым. Ол Қазақстанда террористік топ болып танылды. 1928 жылы Египетте құрылған, біраз уақыт осы және көршілес араб елдеріндегі маңызды саяси күш болды, бірақ кейінірек бірнеше радикалды зорлық-зомбылық жасағаннан кейін экстремистік топтардың қатарына қосылды. «Мұсылман бауырларының» мақсаты – исламдық емес мәдениеттердің негіздерімен күресу, мұндай зайырлы елдерде мемлекеттік жүйені құлату, халықаралық ауқымда исламдық басқаруды орнату, мұсылман халқы басым аймақтарда «ұлы Ислам халифатын» құру [13].

Шығыс Түркістан ислам қозғалысы – террористік сипаттағы партизандық ұйғырзаңсыз ұйымы. 1993 жылы Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында (Шығыс Түркістан) құрылған. Құрылым өмір сүру кезеңінде 200-ден астам зорлық-зомбылық әрекеттері үшін жауапкершілікті өз мойнына алды, бұл оны әлемнің көптеген елдеріндегі, соның ішінде Қазақстандағы террористік топтарға тіркеді. «Шығыс Түркістан ислам қозғалысының» басты мақсаты – бақылаудағы аумақта тәуелсіз негізде Ислам мемлекетін құру, сондай-ақ ҚХР мен көрші елдердің барлық тұрғындарын исламға мәжбүрлі түрде кіргізу [14].

Ислам мемлекеті – сунниттік интерпретацияның халықаралық террористік ұйымы. Толық атауы – «Ирак пен Леванттың ислам мемлекеті» (Левант – қазіргі Сирия, Ливан, Палестина және басқа да бірқатар көрші елдердің тарихи аумағы), қысқартылған атауы – ДАИШ. 1999 жылы Иракта құрылған және біраз уақыт «Аль-Каиданың» құрамында болған. Әр түрлі елдердің көптеген имамдары бұл ультра радикалды ұяшықты Ислам деп атамауды сұрайды, олардың айтуынша, бұл конфессияның беделіне теріс әсер етеді. ДАИШ-тің басты мақсаты шариғатты қатаң сақтай отырып, аталған аумақта біртұтас мемлекет құру, сондай-ақ ХАМАС тобын, Израиль мемлекетін жою және Орталық Азиядағы жағдайды тұрақсыздандыру болып табылады [15].

«Таблиғи жамағаты» Қырғызстанда заңды түрде әрекет етеді, жергілікті биліктің қолдауына ие, Орталық Азия, Үндістан, Пәкістан, Бангладеш елдерінде дааваттар (үндеулер) өткізеді. 2020 жылы Қырғызстанда осы ұйымның ізбасарларының белсенді қатысуымен жаппай тәртіпсіздіктер болды, нәтижесінде елдің саяси басшылығы өз қызметінен кетті. Бұл Қырғызстандағы күрделі экономикалық жағдай мен жергілікті халықтың жоғары кедейлігін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік құрылымдарда «Таблиғи жамағаты» мүшелерінің белсенділігін көрсетеді. Сарапшылар қауымдастығының болжамы бойынша, Орталық Азия елдері мен басқа мемлекеттер арасындағы шекаралардың ашылуынан кейін Қазақстан арқылы көрші елдерге қырғыз мигранттарының ағынының күрт өсуі және

онымен бірге «Таблиғи идеологиясының» экспорты күтілуде [16]. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми ақпараты бойынша ШЫҰ шеңберінде террористік немесе экстремистік қызметке қатысы бар адамдардың бірыңғай тізбесі жүргізіледі. Мұндай адамдардың саны 8000 жуық, оның ішінде 700 адам – негізінен жанжал аймақтарына кеткен Қазақстан азаматтары [17]. ШЫҰ құжатында және ҰҚШҰ келісімінде «Таблиғи жамағаты» қозғалысы экстремистік деп танылады, оның қызметіне Қырғызстаннан басқа Орталық Азия елдерінде де тыйым салынады. Қазақстанда экстремизмнің пайда болуына жасалған сараптамаларға сәйкес, бұл құбылыстың негізінде жатқан адамдар мүдделерінің қақтығыстары мен тарихи, әлеуметтік-экономикалық, діни айырмашылықтарында екені анықталды.

Аталған қозғалыстардың негізгі мақсаты «мәжбүрлі түрде» ұлы Ислам халифатын құру, зайырлы мемлекеттердегі билікті құлату және де батыс әлемінің негіздеріне қарсы күрес болып табылады. Олардың жалпы мақсаты, «исламофобия» түсінігінің қалыптасып, дамуына алып келді. Сондықтан, бүгінде халықаралық деңгейде «исламофобия» ұғымымен қалыптасқан ойлар мен түсініспеушіліктерді шешу үшін тек әлеуметтік жұмыстар ғана емес, сонымен қатар ғылыми негіздемесін анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәліметтерге жүргізілген зерттеулерден, қазіргі кездегі «исламофобияның» қалыптасуына әсер еткен оқиғалар себептерін келесідей талдауға болады. АҚШ-тағы «мұсылманға қарсы шақырту» дамуын мұқият бақылайтын американдық-исламдық Қатынастар Кеңесінің (Council on American-Islamic Relations, CAIR) басшыларының көбінесе американдықтардың ұжымдық санасында тиісті стереотиптердің қалыптасуы бұқаралық ақпарат құралдарының көпжылдық әсеріне, «оқиғаларды тенденциялық түрде жариялауға, саясаткерлердің жиі ойластырылмаған риторикасына және киноиндустрияның әсеріне байланысты екендігіне баса назар аударады [18]. CAIR агенттігі ұсынған деректер осы тақырыптағы зерттеулерде де, баспасөзде де кеңінен қолданылады. Соңғы 20 жылдан астам уақыт ішінде The New York Times газетінде «мұсылман тақырыбы» туралы мақалаларды іріктеуге және зерттеуге негізделген зерттеу жариялады [19]. Нәтижелер ислам мен оның ізбасарларын қолайлы жолмен бейнелеу есірткінің немесе онкологиялық аурулардың жағымсыз әсерлері туралы айтудан гөрі жиі кездесетінін көрсетеді.

Әлемнің әртүрлі аймақтарында ислам содырлары жасаған террористік актілердің көптігі қорқыныштың күшеюіне ықпал етеді және жалпы исламды ұнатпау мен қабылдамаудың экстрополяциясына алып келеді, бұл негізінен

дұрыс емес. Шын мәнінде, исламның терроризмге ешқандай қатысы жоқ және мүмкін емес: саяси мақсаттарға жету үшін зорлық-зомбылыққа баратындардың мақсаттары мен әдістерін құран мен сүннет ақтай алмайды, өйткені ислам адамдардың өмірі мен мүлкін қол сұғылмайтын деп жариялайды, тіпті егер олар бұл дінді ұстанбаса да, бірақ олар мұсылмандармен бейбіт өмір сүреді.

Қазіргі уақытта БҰҰ, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ) және Еуропа Кеңесі сияқты әртүрлі үкіметаралық ұйымдар мұсылмандарға төзбеушілік пен кемсітушілікке қарсы бірқатар құжаттарды қабылдады. БҰҰ-ның нәсілшілдік, нәсілдік кемсітушілік, ксенофобия және соған байланысты төзбеушіліктің заманауи түрлері туралы арнайы баяндамасы 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі оқиғаларға дейін және одан кейін әлемнің әртүрлі аймақтарындағы мұсылмандар мен арабтардың жағдайы туралы екі есеп шығарды. ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер мұсылмандарға қатысты зорлық-зомбылық пен кемсітушілік актілеріне ұжымдық түрде үкім шығарды және кез-келген дін мен мәдениетті терроризммен байланыстыру мүмкіндігі туралы ойдан толықтай бас тартты [20]. Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, адам құқықтары жөніндегі кеңестің тәуелсіз бақылаушы органы – нәсілшілдік пен төзбеушілікке қарсы Еуропалық комиссия (ECRN) – төзбеушіліктің осы түріне қарсы тұру туралы бірқатар жалпы саяси ұсыныстар шығарды. Сонымен қатар, діни негіздегі кемсітушілікке көптеген халықаралық құқықтық құралдармен тыйым салынғанын және ЕҚЫҰ, Еуропа Кеңесі мен ЮНЕСКО-ның көптеген құжаттары білім беру арқылы төзімсіздік пен кемсітушілікке қарсы күрестің маңыздылығын атап өтті.

2024 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының жеккөрушілік тілімен күресу стратегиясы мен іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру басталды. «Жеккөрушілік тілі» ұғымының келісілген халықаралық-құқықтық анықтамасының жоқтығын мойындай отырып, аталған стратегия контекстінде «жеккөрушілік тілі» термині «қандай да бір адамға немесе адамдар тобына қатысты дұшпандық сипаттағы немесе кемсітушілік немесе кемсітушілік тілді қолданатын ауызша, жазбаша немесе мінез-құлық түріндегі кез келген қарым-қатынас» деп түсініледі. Олар олардың дініне, этникалық тегіне, ұлтына, нәсіліне, түсіне, әлеуметтік тегіне, жынысына және басқа да сәйкестік факторларына байланысты. Стратегия да, оны жүзеге асыру да сөз бостандығы құқығына және Біріккен Ұлттар Ұйымының «жеккөрушілік тілімен күресудің негізгі құралы ретінде қысқа сөйлеуді» қолдануды нұсқайды. Атап айтқанда, стратегия жеккөрушілік тілін қолдану қаупі «сөз бостандығын шектеу не-

месе тыйым салу» дегенді білдірмейді. Бұл жеккөрушілік тілін қолданудың одан да қауіпті нәрсеге, атап айтқанда халықаралық құқықпен тыйым салынған кемсітушілікке, араздыққа және зорлық-зомбылыққа итермелеуге жол бермеу мақсатында жасалды. Сонымен қатар, стратегияда азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 20-бабының 2-тармағына сәйкес кемсітушілікке, араздыққа немесе зорлық-зомбылыққа итермелейтін ұлттық, нәсілдік немесе діни жеккөрушіліктің пайдасына кез-келген сөзге заңмен тыйым салынуы керек [18].

Еуропалық комиссия 2024 жылы Facebook, YouTube және Twitter өздерінің платформаларынан заңсыз жеккөрушілік сөздердің 72% алып тастағанын, ал 2023 жылғы 28% жойғанын анықтады [19]. Кейіннен Facebook баяндама жарияланғанға дейін істердің бірінші сериясын, соның ішінде исламофобия ісін тыңдаған мазмұнды модернизациялау туралы шешімдерге шағымдарды қарастырып, соңғы сатыдағы соттың функцияларын орындау үшін қадағалау кеңесін құрды. Facebook бағдарламасындағы қолдану саясатындағы да өзгерістер ашық онлайн мазмұнды жоюға алып келгенімен, «шекаралық мазмұнның» өсуі байқалады. Онлайн мазмұнды көрсетуге арналған алгоритмдер мәтінді тану хаттамаларына көп сүйенеді. Алгоритмдер көбінесе «жеккөрушілік, шектеу» сөздермен байланысты мәселелерді, олармен қалай күресуге болатындығын және мұсылмандарға қарсы дұшпандыққа, кемсітушілікке немесе зорлық-зомбылыққа тікелей ықпал ететін мінез-құлықты талқылайтын пайдаланушылардың пікірталастары арасында зерттеулер мен талдаулар жасайды, осылайша қауымдастықтардың өздері қабылдаған кемсітушілікке қарсы бағытталған іс-әрекеттердің алдын алуға көмектеседі [20].

«Рабат іс-қимыл жоспары» мемлекеттер үшін пікір білдірудің түрлері арасында сақталуы керек заңдылықтарға қатысты құқық нормалары бойынша сараптамалық, өлшенген нұсқаулық ұсынды: қылмыстық құқық бұзушылық болып саналатын пікірлер; қылмыстық жазаға тартылмайтын, бірақ азаматтық талап қоюға немесе әкімшілік санкцияларға негіз бола алатын пікір; азаматтық немесе әкімшілік санкцияларда қарастырылатын пікірлер. Соған қарамастан, пікірді бағалау кезінде толеранттылық, өркениет және басқалардың құқықтарын құрметтеу тұрғысынан терең бағалау жүргізуді қажет етеді. Рабат іс-қимыл жоспары «жеккөрушілікке итермелеу қорлаудың ең ауыр және қатаң жазаланатыны болуы керек» деген ұстанымды қолдайды, сондықтан ауырлық элементтері қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын жеккөрушілік тілінің түрлеріне арналған алты критерийден тұратын шекті сынақта жинақтады [21].

Пактінің 20 (2) – бабы мемлекеттерге кемсітушілікке, араздыққа немесе зорлық-зомбылыққа итермелейтін діни өшпенділікті насихаттауға тыйым салу міндеттемесін жүктейді. Рабат іс-қимыл жоспары халықаралық-құқықтық базаны жинақтады және олар туындаған кезде тиісті мәселелерді шешуге ықпал етуде. Бұл жоспар сөз бостандығына, жиналыстарға және дінге немесе сенімге қатысты шектеулер заңды және қажет болуы мүмкін жағдайларға сілтеме ретінде қызмет етеді [22].

Сонымен, шығарылған заңдар мен ережелерге талдау жасай келе, исламофобиямен күресу үшін келесідей әдістер қолдану ұсынылады:

- Мектеп жасынан бастап діни зайырлылық туралы түсінік қалыптастыру;

- Ислам және оның әртүрлілігі туралы білімді насихаттау;

- Мұсылмандарға қатысты стереотиптермен күресу;

- Діні, нәсілі, жынысы бойынша кемсітушіліктен қорғайтын заңдарды күшейту;

- Басқа тұлғаға қатысты «өшпенділік» тудырғаны үшін жауапкершілікке тарту;

- Мұсылмандар сегрегациялық заңдарына тыйым салу;

- Бұқаралық ақпараттар мен әлеуметтік желілерде таратылатын мәліметтерді фильтрлеу.

Аталған іс-шаралар діни сауаттылық деңгейін арттырып, «Исламофобияның» төмендеуіне алып келеді.

Қорытынды

«Исламофобия» терминінің дамуын зерттеу барысында оның статистикалық ұғым емес, әлеуметтік, саяси және діни факторлардың әсерінен айтарлықтай өзгерістерге ұшырағаны анықталды. Бастапқыда ислам мен мұсылмандарға қатысты біржақты көзқарасты білдіру үшін қолданылған бұл термин уақыт өте келе жеке көзқарастарды ғана емес, сонымен қатар жаһандық оқиғалар мен әлеуметтік стереотиптерден туындаған институционалдық кемсітушілікті де қамтитын кең мағынаға ие болды.

Мақалада деструктивті діни ағымдардың исламофобиялық көңіл-күйдің таралу әсеріне ерекше назар аударылды. Исламның негіздерін бұрмайтын экстремистік топтар қоғамда мұсылман мәдениеті мен дәстүрлерін теріс қабылдаудың қалыптасуына айтарлықтай ықпал етеді. Деструктивті қозғалыстар діни догмаларды өз мақсаттары үшін басқарады. Бұл исламға деген сенімсіздік пен қорқыныштың күшеюіне алып келді. Нәтижесінде исламға қарсы көңіл-күйдің күшейеді, оны бұқаралық ақпарат құралдары жиі тамақтандырады, қоғамдық санада қате стереотиптерді қалыптастырады және бекітеді.

Зерттеудің маңызды бөлігі исламофобия деңгейін төмендетудің мүмкін жолдарын қарастыру болды. Ең тиімді шаралар ретінде халыққа исламның мәдениеті мен діни дәстүрлері туралы білім беру, конфессияаралық диалогқа жәрдемдесу, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарына таратылатын ақпаратты сыни тұрғыдан түсіну ұсынылды. Исламның шынайы құндылықтарын түсіндіруге бағытталған білім беру бастамалары біржақтылық деңгейін едәуір төмендетіп, дінге объективті көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі.

Исламофобия деңгейінің төмендеуі білім беру, әлеуметтік және құқықтық шараларды қамтитын кешенді тәсілмен шешілуі мүмкін. Ислам мен мұсылман қауымдастығына объективті көзқарасты қалыптастыру мемлекеттің, бұқаралық ақпарат құралдарының, білім беру мекемелерінің және діни ұйымдардың бірлескен күш-жігерін талап етеді. Осылайша ғана әртүрлі мәдениеттер мен діндердің үйлесімді өмір сүруіне қол жеткізуге, конфессияаралық шиелініс деңгейін төмендетуге және қазіргі қоғамда бейбіт диалог үшін жағдай жасауға болады.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «AP26104327 Дінаралық диалогты қолдау және жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін жасанды интеллект алгоритмін әзірлеу: діни мәтіндерді талдау алгоритмдері және мәдени өзара әрекеттесу платформасын құру» тақырыбындағы гранттық жобасы аясында жарияланады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ahmed S., Matthes J. Media representation of Muslims and Islam from 2000 to 2015: A meta-analysis // International communication gazette. – 2017. – Т. 79. – №. 3. – С. 219-244.
- 2 Gottschalk P., Greenberg G. Islamophobia and anti-Muslim sentiment: Picturing the enemy. – Rowman & Littlefield, 2018.
- 3 Bishmanov K., Orynbekov N. The threat of religious extremism in Kazakhstan and the role of religious education in limitation // Вестник КазНУ, Серия Религиоведение. – 2021. – Т. 26. – №. 2. – С. 33-40.
- 4 Allen C. Reconfiguring Islamophobia: A radical rethinking of a contested concept. – Springer Nature, 2020.
- 5 Bouamama S. The Making of Contemporary Identity-Based Islamophobia. Countering the Islamophobia Industry: Toward More Effective Strategies. Atlanta, Carter Center, May 2018, pp. 23-27.
- 6 Marranci G. Wars of terror. – Routledge, 2020.
- 7 Farooqui J. F., Kaushik A. Growing up as a Muslim youth in an age of Islamophobia: A systematic review of literature // Contemporary Islam. – 2022. – Т. 16. – №. 1. – С. 65-88.
- 8 Противодействие нетерпимости и дискриминации в отношении мусульман: руководящие принципы для преподавателей: учеб. пособие. Варшава: БДИПЧ ОБСЕ, 2013. 78 с. // [Электронды ресурс] URL: <https://www.osce.org/files/f/documents/9/0/87759.pdf> (Қаралым күні: 10.01.2025).

Transliteration

9 Крымин А., Энгельгардт Г. Исламофобия // Отечественные записки. – 2003. – № 5 (13) [Электронды ресурс]: URL: <http://www.strana-oz.ru/?numid=14&article=664> (Қаралым күні: 14.01.2025).

10 Bolatzhan A. F., Bishmanov K. Prevention of religious extremism and terrorism in the context of the confrontation between secularism and religious symbolism // Eurasian Journal of Religious Studies. – 2024. – Т. 38. – №. 2.

11 Габдулина Д. Е. Риск-ориентированный подход, как инструмент совершенствования государственной политики Республики Казахстан в сфере противодействия финансированию терроризма // Polish Journal of Science. – 2021. – №. 44-1. – С. 54-56.

12 Старовойтов М. П., Медведев Д. Е. Талибы как угроза национальной безопасности членам СНГ в Центральной Азии 2021–2023 гг // Власть истории–История власти. – 2024. – Т. 10. – №. 54. – С. 125-131.

13 Понька Т. И., Сиголаев К. В., Цзисинь У. Становление и развитие терроризма в Республике Казахстан // Постсоветские исследования. – 2022. – Т. 5. – №. 6. – С. 601-611.

14 Баймуханов Е. М. Особенности противодействия религиозному экстремизму в Казахстане // Проблемы противодействия экстремизму и терроризму: региональный формат. – 2021. – С. 19-21.

15 Шаповал Ю., Бекмаганбетова М. Хиджра в «Исламское государство» через призму женских нарративов: кейс Казахстана // Государство, религия, церковь в России и за рубежом. – 2021. – Т. 39. – №. 3. – С. 289-315.

16 Rysbekova S. C., Borbassova K. M., Duissenbaeva A. K. Особенности идеологии исламского радикализма в Центральной Азии // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2014. – Т. 46. – №. 1. – С. 50-60.

17 О проведении юбилейного заседания Совета ПАТС ШОС // [Электронды ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/knb/press/news/details/615452?lang=ru> (Қаралым күні: 12.01.2025).

18 CAIR: Who We Are. Washington, CAIR, 2015, March 2. // [Электронды ресурс] URL: <https://www.cairgeorgia.com/about-us/cair-who-weare.html> (Қаралым күні: 20.01.2025).

19 Arshad O., Setlur V., Siddiqui U. with contributions from Setlur J., Yan D., Zhou S. Are Muslims Collectively Responsible? Available at: // [Электронды ресурс] URL: https://static1.squarespace.com/static/558067a3e4b0cb2f81614c38/t/564d7b91e4b082df3a4e291e/1447918481058/nyttandislam_study.pdf (Қаралым күні: 05.01.2025).

20 Kanji A. Framing Muslims in the “war on terror”: Representations of ideological violence by Muslim versus non-Muslim perpetrators in Canadian national news media // Religions. – 2018. – Т. 9. – №. 9. – С. 274.

21 Доклад ООН. Борьба с исламофобией/ненавистью к мусульманам в целях ликвидации дискриминации и нетерпимости по признаку религии или убеждений // [Электронды ресурс] URL: <https://www.ohchr.org/ru/documents/thematic-reports/ahrc4630-countering-islamophobiaanti-muslim-hatred-eliminate> 2021 ж 28 с. (Қаралым күні: 21.01.2025).

22. Доклад ООН. Ненависть на основе религии или убеждений // [Электронды ресурс] URL: <https://www.ohchr.org/ru/documents/thematic-reports/ahrc5547-hatred-basis-religion-or-belief-special-rapporteur-freedom> 2024 ж. 25 с. (Қаралым күні: 21.01.2025).

1 Ahmed S., Matthes J. Media representation of Muslims and Islam from 2000 to 2015: A meta-analysis // International communication gazette. – 2017. – Т. 79. – №. 3. – С. 219-244.

2 Gottschalk P., Greenberg G. Islamophobia and anti-Muslim sentiment: Picturing the enemy. – Rowman & Littlefield, 2018.

3 Bishmanov K., Orynbekov N. The threat of religious extremism in Kazakhstan and the role of religious education in limitation // Vestnik KazNU, Seriya Religiovedenie. – 2021. – Т. 26. – №. 2. – С. 33-40.

4 Allen C. Reconfiguring Islamophobia: A radical rethinking of a contested concept. – Springer Nature, 2020.

5 Bouamama S. The Making of Contemporary Identity-Based Islamophobia. Countering the Islamophobia Industry: Toward More Effective Strategies. Atlanta, Carter Center, May 2018, pp. 23-27.

6 Marranci G. Wars of terror. – Routledge, 2020.

7 Farooqui J. F., Kaushik A. Growing up as a Muslim youth in an age of Islamophobia: A systematic review of literature // Contemporary Islam. – 2022. – Т. 16. – №. 1. – С. 65-88.

8 Protivodejstvie neterpimosti i diskriminacii v otnoshenii musul'man: rukovodjashhie principy dlja prepodavatelej: uceb. posobie. [Countering intolerance and discrimination against Muslims: guidelines for teachers:] Varshava: BDIPCh OBSE, 2013. 78 s. // [Jelektrondy resurs] URL: <https://www.osce.org/files/f/documents/9/0/87759.pdf> (Qaralym kyni: 10.01.2025). (in Russ)

9 Krymin A., Jengel'gardt G. Islamofobija // Otechestvennye zapiski [Domestic notes]. – 2003. – № 5 (13) [Jelektrondy resurs]: URL: <http://www.strana-oz.ru/?numid=14&article=664> (Qaralym kyni: 14.01.2025). (in Russ)

10 Bolatzhan A. F., Bishmanov K. Prevention of religious extremism and terrorism in the context of the confrontation between secularism and religious symbolism // Eurasian Journal of Religious Studies. – 2024. – Т. 38. – №. 2.

11 Gabdulina D. E. Risk-orientirovannyj podhod, kak instrument sovershenstvovaniya gosudarstvennoj politiki Respubliki Kazakhstan v sfere protivodejstvija finansirovaniyu terrorizma [Risk-based approach as a tool for improving the state policy of the Republic of Kazakhstan in the field of countering terrorist financing] // Polish Journal of Science. – 2021. – №. 44-1. – С. 54-56. (in Russ)

12 Starovojtov M. P., Medvedev D. E. Taliby kak ugroza nacional'noj bezopasnosti chlenam SNG v Central'noj Azii 2021–2023 gg [The Taliban as a threat to the national security of the CIS members in Central Asia 2021-2023] // Vlast' istorii–Istorija vlasti. – 2024. – Т. 10. – №. 54. – С. 125-131. (in Russ)

13 Pon'ka T. I., Sigolaev K. V., Czisiny' U. Stanovlenie i razvitie terrorizma v Respublike Kazakhstan [Formation and development of terrorism in the Republic of Kazakhstan] // Postsoverskie issledovaniya. – 2022. – Т. 5. – №. 6. – С. 601-611. (in Russ)

14 Bajmuhanov E. M. Osobennosti protivodejstvija religioznomu jekstremizmu v Kazahstane [Peculiarities of countering religious extremism in Kazakhstan] // Problemy protivodejstvija jekstremizmu i terrorizmu: regional'nyj format. – 2021. – С. 19-21. (in Russ)

15 Shapoval Ju., Bekmaganbetova M. Hidzhra v «Islamskoe gosudarstvo» cherez prizmu zhenskikh narrativov: kejs Kazahstana [Hijra in the “Islamic State” through the prism of women’s narratives: the case of

Kazakhstan] //Gosudarstvo, religija, cerkov' v Rossii i za rubezhom. – 2021. – T. 39. – № 3. – S. 289-315. (in Russ)

16 Rysbekova S. C., Borbassova K. M., Duissenbaeva A. K. Osobennosti ideologii islamskogo radikalizma v Central'noj Azii [Features of the ideology of Islamic radicalism in Central Asia] //Vestnik KazNU. Serija filosofii, kul'turologii i politologii. – 2014. – T. 46. – № 1. – S. 50-60. (in Russ)

17 O provedenii jubilejnogo zasedanija Soveta RATS ShOS [n holding the anniversary meeting of the SCO RATS Council] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/knb/press/news/details/615452?lang=ru> (Qaralym kyni: 12.01.2025). (in Russ)

18 CAIR: Who We Are. Washington, CAIR, 2015, March 2. // [Jelektrondy resurs] URL: <https://www.cairgeorgia.com/about-us/cair-who-weare.html> (Qaralym kyni: 20.01.2025).

19 Arshad O., Setlur V., Siddiqui U. with contributions from Setlur J., Yan D., Zhou S. Are Muslims Collectively Responsible? Available at: // [Jelektrondy resurs] URL: <https://static1.squarespace.com/static/558067a3e4b0cb2f81614c38/t/564d7b91e>

4b082df3a4e291e/1447918481058/nytandislam_study.pdf (Qaralym kyni: 05.01.2025).

20 Kanji A. Framing Muslims in the "war on terror": Representations of ideological violence by Muslim versus non-Muslim perpetrators in Canadian national news media //Religions. – 2018. – T. 9. – № 9. – S. 274.

21 Doklad OON. Bor'ba s islamofobiej/nenavist'ju k musul'manam v celjah likvidacii diskriminacii i neterpimosti po priznaku religii ili ubezhdenij [The UN Report. Combating Islamophobia/hatred of Muslims in order to eliminate discrimination and intolerance based on religion or belief] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://www.ohchr.org/ru/documents/thematic-reports/ahrc4630-countering-islamophobiaanti-muslim-hatred-eliminate> 2021 zh 28 s. (Qaralym kyni: 21.01.2025). (in Russ)

22 Doklad OON. Nenavist' na osnove religii ili ubezhdenij [The UN Report. Hatred based on religion or belief] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://www.ohchr.org/ru/documents/thematic-reports/ahrc5547-hatred-basis-religion-or-belief-special-rapporteur-freedom> 2024 zh. 25 s (Qaralym kyni: 21.01.2025). (in Russ)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Назерке Жетпісбай

PhD докторант. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: naziko_96.96@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-9208-0997>

Какимжан Муратжанович Бишманов

профессор міндетін атқарушы, заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: bkm58@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-6188-6189>

Дилишод Ачилов

профессор, PhD, Массачусетс Дартмут Университеті, Дартмут, АҚШ, email: dachilov@umassd.edu, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0001-7227-5781>

Назерке Жетпісбай

PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: naziko_96.96@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9208-0997>

Какимжан Муратжанович Бишманов

и.о. профессора, кандидат юридических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: bkm58@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-6188-6189>

Дилишод Ачилов

профессор, PhD, Университет Массачусетс Дартмут, Дартмут, США, email: dachilov@umassd.edu, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7227-5781>

Nazerke Zhetpisbay

PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: naziko_96.96@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-9208-0997>

Kakimzhan Bishmanov

Acting Professor, Candidate of Legal Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bkm58@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-6188-6189>

Dilshod Achilov

Professor, PhD, University of Massachusetts Dartmouth, Dartmouth, USA, email: dachilov@umassd.edu, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7227-5781>

